«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ
«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ
Басқарма шешімімен
«26» 02 2024 ж.
№ 2 хаттама

СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КОМИССИЯ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Код	Басылым	Құрастырған	Келісілген	Қолы	Күні
Е БҚМУ 14-01-01	Бірінші	Жумагалиева М.С. 19.02 2024 ж.	Абенова Н.А.		22.02.24г.
			Урумбаева А.Н.		20.02.2024

Ақтөбе, 2024

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-тың (бұдан әрі – Университет) ішкі құжаты болып табылады және жатақханалардағы студенттік жатақханалар мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметін реттейді.

1.2. Комиссия Университеттің жатақханаларындағы орындарды бөлуге жүзеге асырады, отырыстарында проблемалық мәселелерді қарайды, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-тың «Жатақханалар қызметі туралы» ережесінде көрсетілген қағидаларды бұзғаны үшін білім алушыларды жатақханадан шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдайды. Бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Комиссия қызметінің қағидаттары:

- ақпараттық ашықтық;
- қолжетімділік және түсініктілік;
- азаматтық қоғамның қатысуы;
- есептілік;
- алқалылық;
- заңдылық.

2. КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

2.1. Комиссияның негізгі міндеттері:

- қолданыстағы заңнамаға және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес Университет жатақханаларында орындарды объективті бөлу үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;
- Университет қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
- қағидаларды бұзғаны үшін білім алушыларды жатақханадан шығару және тәртіптік жаза қолдану бойынша объективті шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету.

2.2. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды / орын беруден бас тарту туралы уәжделген жауап ұсынады;
- бекітілген кестеге сәйкес Комиссия отырыстарын өткізеді;
- Университет жатақханаларынан орын алу үшін келіп түскен өтініштерді қарайды;
- Университет жатақханаларында орындарды бөлу процесінде туындайтын даулы мәселелерді қарайды;
- даулы мәселелердің сапалы әрі уақтылы шешілуіне бақылауды қамтамасыз етеді;
- оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізген жоғары курс білім алушыларын жатақханаға орналастыру квотасын айқындайды (деканаттардың және/немесе жастармен жұмыс қызметінің ұсынысы бойынша);
- қағидаларды бұзғаны үшін білім алушыларды жатақханадан шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды.

3. КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

3.1. Комиссияның жұмысына Комиссия төрағасы басшылық етеді.

3.2. Комиссияның құрамы Басқарма мүшелерінен, құрылымдық бөлімдердің жетекшілері мен қызметкерлерінен, декандардан және білім алушылардан қалыптастырылады және Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Комиссия отырыстары өтініш беруші жатақханадан орын беру туралы өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

3.4. Комиссия төрағасының шешімі бойынша Комиссияның кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

3.5. Комиссия отырыстарының күн тәртібі және мәселелерді қарау тәртібі Комиссия төрағасымен бекітіледі.
3.6. Комиссия отырысын Комиссия төрағасы жүргізеді, ал ол болмаған жағдайда – оның тапсырмасы бойынша Комиссия мүшесі немесе Комиссия хатшысы жүргізеді.
3.7. Комиссия мүшелерінің отырыстарға қатысуы міндетті болып табылады. Комиссия мүшесінің өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруіне жол берілмейді. Комиссия мүшесі отырысқа қатыса алмаған жағдайда, бұл туралы алдын ала Комиссия төрағасын немесе Комиссия хатшысын хабардар етуге міндетті.
3.8. Егер отырысқа Комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, Комиссия отырысы заңды деп танылады.
3.9. Қаралатын мәселелерге байланысты Комиссия отырыстарына Комиссия төрағасымен келісу бойынша өзге тұлғалар тартылуы мүмкін. Комиссия шешімдері отырыста қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады және Комиссия төрағасы бекіткеннен кейін күшіне енеді. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең құқықтарға ие.
3.10. Комиссия өз құзыреті шеңберінде Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына ұсыныстар енгізе алады

4. КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Өз мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін Комиссия мүшелеріге келесі құқықтар беріледі:
- өтініш беруші ұсынған құжаттамамен толық танысу;
- белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен, қоғамдық және өзге де ұйымдармен байланыс орнату;
- қазіргі жұмыс барысында Университет құрылымдық бөлімшелерінің барлық қажетті деректерін пайдалану;
- келесі оқу жылы үшін Университет жатақханаларында орындарды бөлуге арналған алдын ала жоспарды талқылау.

4.2. Комиссия мүшелері жауапты болып табылады:
- өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындамау үшін;
- Университет мүлкін жеке мақсаттарда пайдалану үшін;
- Университет қызметіне қатысты ақпаратты, оның ішінде Университеттен кеткеннен кейінгі үш жыл бойы құпия сақтау;
- қызмет атқару барысында алынған ақпаратты құпия ұстамау;
- корпоративтік мәселелер бойынша объективті емес пікір айту;
- өз өкілеттігін асыра пайдалану және өкілеттіктерді тек берілген мақсатта пайдалану;
- Университет қызметкерлерімен және өзге де мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын туғызуы мүмкін әрекеттер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес келмейтін әрекеттер

Қосымша А
(міндетті)

Ф ПРО БҚМУ 401-02-22

ӨЗГЕРТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Күні	Енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар		Өзгертуді жүзеге асырған тұлға	
		бөлімі, тармағы	Мазмұны	тегі, аты-жөні	қолы

Қосымша Ә
(міндетті)

Ф ПРО БҚМУ 401-03-22

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні, лауазымы	Жеке қолы	Күні	Ескерту